

V00038 18.12.2020

Балабақша жетістіктері

МУШАЛОВА РОЗА ЖИЛКАЙДАРОВНА

Ақтөбе қаласы ЖШС «Кен и Барби» балабақшасының меңгерушісі

Ақтөбе қаласы ЖШС «Кен и Барби» мектепке дейінгі ұйымы 2011 жылы 80 орынға ашылды, мемлекеттік лицензиясы бар. Оқу-тәрбие жұмысы қазақ, орыс тілінде жүргізіледі. Қазіргі бүлдіршіндерді заман талабына лайық, бәсекеге қабілетті, жан-жақты тәрбиелеу мен оқытуда республикалық, облыстық, қалалық деңгейлерде нәтижелер мен жетістіктерге қол жеткізіп келеміз. Оның ең басты дәлелі балабақша «Темп роста» номинациясында Ақтөбе облысының күміс рейтингісін жеңіп алып, «Гордость образования 2016» ұлттық сертификатына ие болып, бейімділік даналық білім белгісін алды және 2018 жылы «Лидер года 2018», «Руководитель года - 2018» дипломы мен сертификатына ие болды.

Сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда қосқан үлесі үшін Ақтөбе қаласы әкімінің мақтау қағазына ие болды. Мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізілген қалалық «Балбөбек» байқауына қатысып жүлделі ІІІ орынды иеленіп, дипломмен марапатталды. "Мемлекеттік тіл – ұлт тірегі" қалалық тіл фестивалі аясында өткен «Тіл болашағы - балабақшада» атты байқауына қатысып, "Алақай" алғыс хат иеленді.

Ақтөбе қалалық білім бөлімі мен ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Шіркін, би құдіреті» қалалық фестивалінде І орын иеленді және жыл сайынғы ұйымдастырылатын «Жас талант», «Жарқыра, балапан!» атты республикалық сайыстарға қатысып, дипломдармен марапатталып, жүлделі орын алып келеміз.

Тәрбиеленушілеріміз әртүрлі интеллектуалдық олимпиадаларға, байқауларға қатысып, І дәрежелі диплом алуда. 2016 жылы «Ең үздік мектепке дейінгі ұйым» республикалық байқауының қалалық кезеңінде ІІІ орынды иеленді. Тәрбиеленуші Зобенко Полина «Дарынды бала» қалалық байқауының «Зерек бала» номинациясын жеңіп алды. «Современный детский сад - 2017!!!» педагогикалық жобалар республикалық сырттай ұйымдастырылған конкурсына қатысып, сертификатқа ие болды.

2017 жылы «Әр бала бір жұлдыз» атты облыстық байқауына қатысып, грамота алды. «EXPO MAMA FEST» көрмесіне қатысып, алғыс хат алды. Үнемі қалалық деңгейдегі әртүрлі конкурстарға, мерекелерге қатысып тұрады. 1 маусым балаларды қорғау күнінде Тұңғыш Президент паркінде «Ча-ча-ча» биімен мектепалды даярлық тобының балалары шықты.

Жалпы балабақшаның балаға беретін тәлім-тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға байланысты. Педагог ұжымын басқарып отырған балабақша меңгерушісі Р.Ж. Мушалованың бастауымен 2018 жылы балабақша педагогі А.Э.Рейх «Үздік жеке балабақша педагогі» қалалық байқауына қатысып, ІІІ орынға ие болып грамотамен, дипломмен марапатталды. 9 мамыр Жеңіс күніне орай балабақша педагогтарының қатысуымен видеоклип түсірілді.

Балабақшада театрландырылған әрекет өте жоғары дамуда.

Балабақша ішінде өтетін барлық мерекелік шараларда балаларға костюм тігіп, атрибут, декорация, қойылымның барлық реквизиттерін дайындап, театрландырылған қойылымдар қояды. Мультфильмдер мен ертегілерді қойып, балалар рөлді сомдайды. Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалайды. Балалардың барлығы «әртіс» тұрғысында бекиді, сахнада өзін ұстауды үйренеді, өз ойларын ашық айта алады, дауыс ырғағы, тілдік мәнері дамиды, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды үйренеді.

Осы мақсатпен тіпті балабақша құрылтайшысы әрі директоры К.А.Бисенова жыл сайын 8 наурыз мерекесінде мәдениет үйін өз қаражаты есебінен жалға алып тәрбиеленушілерге үлкен сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік береді.



V00039 18.12.2020

Эффективность дистанционного обучения

НУРСАПИНОВА ГУЛЬЖАН СИЯЗБЕКОВНА

ВКО, Жарминский район, село Каратобе КГУ "Средняя школа имени Д. Калматайулы" учитель русского языка и литературы

Дистанционное образование – «комплекс образовательных услуг, предоставляемых широким слоям населения в стране и за рубежом с помощью специализированной информационной образовательной среды, базирующейся на средствах обмена учебной информацией на расстоянии (спутниковое телевидение, радио, компьютерная связь и т.п.)».[11]

Дистанционное обучение – «новая организация образовательного процесса, базирующаяся на принципе самостоятельного обучения студента. Среда обучения характеризуется тем, что учащиеся в основном, а часто и совсем, отдалены от преподавателя в пространстве и (или) во времени, в то же время они имеют возможность в любой момент поддерживать диалог с помощью средств телекоммуникации».[11]

Дистанционное обучение – «это новая ступень заочного обучения, на которой обеспечивается применение информационных технологий, основанных на использовании персональных компьютеров, видео- и аудиотехники, космической и оптоволоконной техники».[11]

Дистанционное обучение – это «взаимодействие преподавателя и обучающихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) и реализуемое специфичными средствами Интернет-технологий или другими средствами, предусматривающими интерактивность»[1] и «это самостоятельная форма обучения, информационные технологии в дистанционном обучении являются ведущим средством».[1]

В законе «Об образовании Российской Федерации» «под **электронным обучением** понимается организация образовательной деятельности с применением содержащейся в базах данных и используемой при реализации образовательных программ информации и обеспечивающих ее обработку информационных технологий, технических средств, а также информационно-телекоммуникационных сетей, обеспечивающих передачу по линиям связи указанной информации, взаимодействие обучающихся и педагогических работников. Под дистанционными образовательными технологиями понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с применением информационно-телекоммуникационных сетей при опосредованном (на расстоянии) взаимодействии обучающихся и

педагогических работников».[7]

Из этого множества определений наиболее точным считается следующее: **дистанционное обучение** – это «совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения, предоставление обучаемым возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе обучения».[2] Существует большой набор средств, которые могут быть использованы для организации взаимодействия обучающегося и преподавателя. Наиболее широкое распространение в начальной школе получили следующие:

Электронная почта. Данная форма взаимодействия доступна для обучающихся и среднего, и начального звена. Преимущество заключается в том, что обучающийся может выполнять задание в удобное для него время, используя все необходимые ресурсы. Недостаток же в том, что преподаватель не может в реальном времени «сопровождать» и «направлять» учащегося. (см. приложение 2)

Использование программы «Скайп» (Skype), позволяющей общаться через сеть интернет по всему миру. В этом случае преподаватель может давать необходимую консультацию непосредственно в процессе выполнения работы, обсуждать с обучающимся ход её выполнения, полученные результаты, вносить необходимые поправки. Сложности возникают с визуализацией работы учащегося, так как это происходит либо через веб-камеру, а качество сигнала не всегда позволяет это сделать, либо через электронную почту, что опять же приводит к «растянутости» во времени. (см. приложение 3)

Гугл-документы. Данный ресурс можно использовать и при работе с документами, и с презентациями, и с таблицами. При этом доступ к ним может быть одновременным, т.е. преподаватель «видит», как обучающийся выполняет задание, может корректировать его работу. Недостаток данного ресурса в том, что есть ряд стран, которые ограничивают работу данного браузера и использование его ресурсов становится невозможным. (см. приложение 4)

Moodle — система управления курсами (электронное обучение), также известная как система управления обучением или виртуальная обучающая среда, которая представляет собой веб-приложение, предоставляющее возможность создавать сайты для онлайн-обучения. «Задания могут решаться как в специальных тетрадях, так и на личной страничке, открытой в веб-браузере на компьютере у обучающегося. Личная страничка отображает содержимое веб-сайта, например, созданного в специальной системе управления обучением «Moodle». На этой страничке обучающийся, пройдя авторизацию, может выбрать предмет обучения, посмотреть задания, отправить их на проверку, посмотреть вспомогательные материалы и т.д. В свою очередь, этот веб-сайт размещаются точно так же как и миллионы обычных веб-сайтов

интернета, на сервере, специально выделенном или виртуальном хостинге. Соответственно, преподаватель имеет свой уровень доступа к системе и имеет несколько более широкие возможности, по сравнению с обучающимися. Может создавать и корректировать содержимое учебных курсов, просматривать задания и т.д. Тестовые задания, как правило, проверяются сразу в автоматическом режиме. А результаты учебы заносятся программой и преподавателем в электронный журнал». [5]

Возможно также использование различных чатов, блогов, форумов, видеоконференций и т.д.

При выборе средства организации взаимодействия с обучающимся преподаватель прежде всего должен ориентироваться на те, которые доступны учащемуся в силу возраста и навыков работы с информационно-компьютерными технологиями, но при этом необходимо постепенно знакомить его и другими, так как это создаст у ребёнка дополнительную мотивацию, сделает процесс обучения более разнообразным, поможет повысить качество освоение учебного материала.

V00040 18.12.2020

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

ЖУМАНОВА КЫМБАТ ДАУЛЕТХАНОВНА

*Алматы қаласы Алатау ауданы
№26 жалпы білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Мектеп:		
Сабақ тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері		
Пәні: Дүниетану		
Күні:	Мұғалімнің есімі :	
Сынып:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	2.3.5.2 Бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау	

Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін біледі және оларды атай алады; Оқушылардың басым бөлігі: Мемлекеттік рәміздердің мән-мағынасын аша алады. Кейбір оқушылар: Мемлекеттік рәміздердің қолданылу саласын анықтайды.
<u>Бағалау критерийлері:</u> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын атайды.
Тілдік мақсаттар	Мемлекеттік рәміздер және оның қолдану саласы туралы әңгімелей алады. Пәнге тән лексика мен терминология: Ту,елтаңба,гимн,мемлекеттік рәміз Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Салт-дәстүр,ауыз әдебиет Үш тілділік: ту – флаг – flag
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану
Құндылықтарды дарыту	❖ Жеке жұмыс жасау кезінде өзгелердің пікіріне құрметпен қарауы; ❖ Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және патриоттық тәрбиеге баулу. ❖ Оқушылар топпен жұмыс жасауда достық және айналасындағыларға қамқорлық көрсету, қарым-қатынас жасауы қалыптасады
Пәнаралық байланыстар	Қазақ тілі, әдебиеттік оқу

АКТ қолдану дағдылары		Интербелсенді тақта, слайдтар, бейнежазбалар.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім		Мемлекеттік рәміздерді біледі.
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 5 минут	1. Ұйымдастыру. Ширату. Оқушылар топта тұрып бір-біріне сәттілік тілейді. 2. Оқушылардың қызығушылығын ояту: Оқушыларға көздерін жұмып, олардың нағыз Қазақстандық екенін сезінуге немесе ұғынуға көмектесетін екі зат туралы ойлаулары сұралады. Олар көздерін ашқан кезде оқушылардың жауаптары тыңдалады. -Балалар, көз алдарыңызға не елестеді? (Ту, Астана қаласы, Бәйтерек, Елтаңба, Президент, т.б.) - Неліктен? (Себебі,) Оқушылардың жауаптары тыңдалады. Топтарға біріктіру. «Ынтымақ», «Достық», «Бірлік». Оқушылар күннің, ұлттық оюдың және қыранның суреттерін таңдау арқылы топтарға бірігеді. Сабақтың ұранымен таныстырылады “Білімдінің жұлдызы жарық», сабақ барысындағы орындалған жұмысқа жұлдызшалар беріледі. Ой қозғау: -Балалар, неліктен бұл суреттерді таңдадық? Суреттегі заттар қайда бейнеленеді? -Балалар, қалай ойлайсыздар, бүгінгі	Топтың аты

	сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ? (оқушылар жауабы тыңдалады) Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.	
Ортасы	Интерактивті тақтадан «Тәуелсіз Қазақстан» бейне жазбасы көрсетіледі.	
5 минут	Жұптық жұмыс. «Сен – маған, мен - саған» әдісі. Бейнежазба бойынша оқушылар бір-біріне сұрақ қояды, жауап береді. - Қазақстан қандай ел? - Қазақстанның мелекеттік нышандары қандай? - Қазақстанның астанасы қай қала? - Ел президенті кім? - Мемлекеттік нышан деген не?	https://www.youtube.com/watch?v=bgiV_8YvbqI
6 минут	«Мемлекеттік рәміздер» атты слайд көрсетіледі. Топтық жұмыс. Сиқырлы микрофон Тапсырма: өз мектебімізге шетелден туристер келді делік. Келген қонақтарға еліміздің мемлекеттік рәміздерін таныстыру керек. Топ болып ақылдасып, араларынан бір журналист шығып айтады.	Слайд
3 минут	1 топ – елтаңбаны; 2 топ – туды, 3 топ – гимнды таныстырады.	
5 минут	Жұлдызшалар арқылы бағаланады. Мемлекеттік рәміздер қайда қолданылады?	Суреттер
5 минут	Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырып айт. Дескриптор: - Мемлекеттік рәміздер жайлы біледі. - Мемлекеттік рәміздердің қолданылу аясын анықтайды.	
5 минут	Көңілді смайликтер арқылы бағаланады. Оқушылар геометриялық фигуралар арқылы	Оқулық

	кері байланыс береді. Жұлдызша – маған бәрі түсінікті. Төртбұрыш – сұрақтарым бар. Үшбұрыш – көмек керек. Оқулықпен жұмыс. Дәптермен жұмыс. Суретте берілген Елтаңбада нелер бейнеленгенін жаз. Ол бейнелер қаланы айшықтап тұр ма? Байқоңыр қаласының Елтаңбасы _____ _____ Көкшетау қаласының Елтаңбасы _____ — _____ Қарағанды қаласының Елтаңбасы _____ _____ Саралау бойынша тапсырмалар. Қай белгі екенін анықтаңыз. 1.Төлқұжатта, туу туралы куәлікте, орта білім туралы аттестатта құжаттарда бейнеленген (Елтаңба) 2.Президент резиденциясында, Үкімет үйінде ілулі тұрады. Барлық мекемелерде бар. (Ту) 3.Республика, облыс, аудан көлеміндегі маңызды салтанатты мәжілістерде орындалады. (Әнұран)	Жұмыс дәптері Деңгейлік тапсырма
Аяқталуы 4 минут	Сабақты қорытындылау. «Ия, жоқ» әдісі Сын тұрғысынан сұрақтарға жауап беру (иә, жоқ) 1. Қазақстан жері кең байтақ 2. Қазақстан 5 мемлекетпен шектескен	

2 минут	3. Астанасы – Алматы 4. Ұлты қазақ 5. Пайдалы қазбаларға өте бай 6. Өсімдіктер әлемі алуан түрлі 7. Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық - өзендер 8. Ту, Елтаңба, Әнұран еліміздің рәміздері 9. Мемлекеттік тіл – орыс тілі 10. Менің Отаным – Қазақстан Кері байланыс: «Білім қоржыны» Бағалау. «Білімдінің жұлдызы жарық». Жұлдыз көп жинаған топ анықталады. Жұлдыз саны бойынша «Нәтижеге жетті», «Талпыныс бар», «Әлі де іздену керек» қорытынды кері байланыс жасалады.	 
Қосымша ақпарат		
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Топтық жұмыс, жұптық және жеке жұмыс арқылы сабақты меңгерту барысында «Ширату жаттығуы» арқылы сыныпта көңілді ахуал орнатамын. «Ой қозғау» әдісі арқылы тапсырма беремін. Топтық тапсырмалар орындайды, бір-бірін бағалайды. «Иә, жоқ» әдісі арқылы сын тұрғысынан сұрақтарға жауап береді. Тапсырмаларды жылдам қарқынмен орындайтын оқушыларға қосымша тапсырма жоспарлаймын. (Деңгейлік тапсырмалар)	
Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	«Мадақтау»-жарайсың, өте тамаша, жақсы, керемет ... т.б. Басбармақ арқылы, «Геометриялық фигуралар» әдісі, «Білім қоржыны» әдісі, жұлдызшалар, көңілді смайликтер, ауызша және стикерлер арқылы қалыптастырушы бағалауды	

	іске асырамын
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	
Қорытынды бағамдау	
Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек? 1. 2.	

V00041 18.12.2020

Эссе «Мамандығым-мақтанышым»

СУНКАРБЕКОВА ДИНАРА САГИДОЛЛОВНА

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Баянауыл ауылы

Баянауыл бөбектер бақшасының тәрбиеші

Мен бүгін ерекше сезіммен ояндым,
Сәулелі ақ таңның шуағына боялдым.
Жүректе қуаныш, бойда күш тасыған,
Тағы да бақшама аяңдап келемін,
Бүлдіршін үнімен жұмыста қиялым.

Балалармен жұмыс істеу-үлкен бақыт. Себебі тек бала ғана еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені мен оларға, олар маған қажет екендігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы әр тәрбиешінің бақыты. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып қана қоймай, бар жүрегімен және жан тәнімен сезіне білу қажет. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты.

Мынау менің балабақшам... Қазіргі жұмыс жасап жүрген «Еркетай» балабақшасы осы бір өлең шумақтарының күш-қуатымен келе жатырмын. Топтағы менің кішкентай бөбектерім... Әр күні олардың сүйкімді жүзін көргенде еріксіз күлімсіреймін. Өйткені олар мені қуана қарсы алады. Қуанышын жасыра алмай еркелей алдыма келеді. Бір үйдің үміті, шырағы, аяулысы, ардағы, еркесі, бұзығы, қызығы. Мен олармен бірге жүрсем, балаша қуанып, мына өмірге балаша қарағым келеді.

Мен тәрбиешімін... Осы мамандықтың қызығы мен қиындығын бала ортасында жүрген менен артық ешкім сезе алмайды.

Біз, тәрбиешілер үшін балаға ненің дұрыс-бұрыстығын, не ыстық, не суық екенін, не жаман, не жақсы екенін балапандарға үйретуден қиын іс жоқ. Көздері мөлдіреген, жүздерінде күлкі ойнаған балаларға қарасаңызшы... Күнде ертеңгісін балабақшада жас бүлдіршіндерді қарсы алып, олардың жағымды үндерін, сыңғырлаған тәтті күлкілерін, «Сәлеметсіз бе?», «Қайырлы таң!» деген сөздерін естігенде, бойым бір серпіліп қалғандай болады. Балалармен болған әрбір уақытым мені жаңа бір әлемге жетелегендей. Әрдайым балалардың маған деген ықыласын, маған ұмтылған үмітке толы көздерін, не нәрсені білуге құштар шабытты, сұраулы жанарларын байқаймын.

Олардың менен күтетіндері өте көп екенін сеземін. Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде, қатты шаршағанымды сеземін. Бірақ сол балалармен өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, олардың ыстық ықыласы, маған қараған үмітке толы көздері, тәтті қылықтары, сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Осы бір « балалар әлемінің теңізіне » бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейды. Өйткені бала жаны пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Көзін ашып, тұнығына қану үшін, тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан және тәрбиешіге тән ең бірінші қасиет баланы құрметтеу сезімі болу керек екенін түсіндім. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту.

Балабақшаның у-шуынсыз өмірімді елестете алмаймын. Әр бала өзінше бір әлем... Тым жақсы, тап-таза, сезімдері пәк, аңғал, сүйкімді жандар. Ендеше оларды қалай ғана, жақсы көрмейсің. Мені өздеріне асқар таудай сүйеніш деп біліп тұрғанын сезе тұра, мен оларға жан-тәніммен берілмесем кім болғаным... Халқымызда « еңбегі көптің, өңбегі көп » деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы бар жігерімді, күш қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты ұстаз-тәрбиеші, бақытты жанмын деп білемін.

Ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәрбиеге баулап, салауатты өмір салтын ұстап, бойына адамгершілікті, мәдениетті, инабатты, иманды сіңіріп, өз ана тілін құрметтейтін болашақ ұрпақ тәрбиелесек, әрбір тәрбиешінің өз міндетін мүлтіксіз орындағаны деп білемін.

Менің негізгі мақсатым – балаларға жақсы көңіл – күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Өзімді әр оқу қызметі үстінде балаларға бағыт беруші, жол сілтеуші рөліне қоямын. Бұл балалардың өзіне деген сенімін арттырып, оқу қызметіне деген тұрақты зейін қалыптастыруға, қызығушылығын оятуға жағдай туғызады.

Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек. Бала тәрбиесінің жолында талмай қызмет етіп келемін. Қызмет етуді азаматтық, ұстаздық борышым деп санаймын. Әлі де қызмет етемін, баламен жұмыс жасау мен үшін өте қызықты.

Міне, осындай кербез, кішіпейіл, мейірімді, шуақты тәрбиеші атансам - адами парызымның орындалғаны болар.

Менің мамандығым әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі. Сондықтан мен мамандығымды мақтан тұтамын.

V00042 18.12.2020

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

ТУЛКИНА ГҮЛЬЖАНАТ ЕРТАЕВНА

*Павлодар облысы Май ауданы Қазан жалпы орта білім беретін
мектеп жанындағы «Гүлдер»шағын орталығының тәрбиешісі*

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша таңдау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып

қойыпнемесет ақтайша да ұқсас формаларға орналастыру).

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді құру.

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады. Ол сабақтардың бағдарламасымен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдары бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Сенсорикадағы дидактикалық ойындар мектепке дейінгі кіші жастағы балалар үшін сан туралы білімдерін кеңейтуге және бекітуге үлкен мүмкіндіктер береді: « бір » және « көп »; заттардың теңдігі туралы, өрнектерді түсіну: сонша — қанша, тең, бір бірден — көп — бір де. Заттар салыстырып, олардың шамаларын түсіну: ұзын — қысқа, бірдей, жоғары — төмен, кең — тар, жуан — нәзік, көбірек — аз. Пішінді анықтау: шеңбер, шаршы, үшбұрыш. Кеңістіктің бағыттарын танып білу: алға, артқа, оңға, солға. Уақытты бағдарлау: таңертең, күн, кеш, түн.

V00043 18.12.2020

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

ДОСЫБАЙ НАЗИРА КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, С.Нұрниязұлы атындағы
мектеп-интернаттың бастауыш сынып мұғалімі*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделіп жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін. **Қызығушылықты ояту** кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын. **Мағынаны ашу** – кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы.

Ой толғау-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді.

Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

V00044 18.12.2020

Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

КАЮПОВА ОРЫНГУЛЬ ЖУМАГАЛИЕВНА

*Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қаракемер негізгі
мектебінің математика пәнінің мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.
2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.
3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды. Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады. Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал

тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білі беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

- 1.Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
- 2.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
- 3.Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
- 4.Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- 5.Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- 6.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
- 7.Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

V00073 18.12.2020

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

КАЙРАШЕВА ГУЛЬЖАН ЕСКЕНДИРОНА

ШҚО.Үржар ауданы, Қаратұма ауылы

Қаратұма орта мектебі және балабақша КММ. Тәрбиеші


Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.



Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бірекі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары

құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар

мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан біізатты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.




Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



V00046 18.12.2020

**Адам денесіндегі қан мен басқа
сұйықтықтарды жасанды тазарту**

ОМАРОВ БАЛҒАБАЙ САТЫБАЛДИНОВИЧ

Павлодар облысы Май ауданы Қазан жалпы орта білім
беретін мектептің Биология және химия пәнінің мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 10.2 Бөліп шығару	Мектеп:	
Күні:	Мұғалім:	
Сынып:	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы	Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту..	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	10.1.5.3-Диализ механизмін түсіндіру	
Сабақ мақсаттары	Оқушылар - жасанды тазартудың түрлерін және маңызын сипаттайды; - диализдің маңызын анықтайды; - диализ механизмін моделдейді.	
Бағалау критерийлері	- жасанды тазартудың түрлерін ажыратады; - жасанды тазартуды суреттей алады; - диализ механизмін сипаттап, моделдейді.	
Дағдылар	Білу, түсіну, қолдану, талдау	
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: уытсыздандыру, уытты заттар, гемофилтрация, плазмоферез, гемодиализ, гемосорбция, гемодилюция, перитонеалдық диализ, диализатор, диализ, осмос, диффузия, капиллярлық диализатор. Оқытудың тілдік мақсаты: Қандай жағдайда қанды жасанды жолмен тазартуға болатындығын түсіндіре алады. Ол кезде қандай тәсілдер қолданылатынын түсіндіре алады.	

	Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер топтамасы: - Улану, уытсыздану дегеніміз не? - Жасанды тазалау әдістерін білесіңдер ме? - Диализ механизмін түсіндіріңдер.	
Құндылықтарға баулу	«Зайырлы-қоғам, жоғар-руханият» құндылықтарының жауапкершілік, қарым-қатынас жасау қабілетібілімқұндылықтары топтық, жұптық жұмыс арқылы, жағымды, ынтымақтастық атмосфера қалыптастыру негізіндежүзеге асады.	
Пәнаралық байланыстар	- Физикадандиффузия, осмос заңдарын, газдардың қозғалуы; - Химиядан оттегі молекуласы мен органикалық заттар арасында қосылыстардың түзілуі мен энергияның босап шығуын білімдеріне сүйенеді.	
Алдыңғы білім	Оқушылардың «Жаратылыстану» курсынан, «Биология» курсынан бүйрек құрылысы, қызметі, бөліп шығару үдерісі туралы түсініктері қалыптасқан.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 0 – 3 минут 4 – 5 минут 6-8 минут	- Сәлемдесу. - Сыныпта сенімді, жоғары көңіл-күй атмосферасын құру мақсатында шаттық шеңберін жасаймыз, оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді. - Топқа бөлу: Сурет қималары арқылы бөлінеді. I топ- «Жүрек» II топ- «Өкпе» III топ- «Бүйрек» IV топ – «Лимфа» - Сабақтың тақырыбын жариялау.	 Гүл макеті Өкпе, жүрек, бүйрек, лимфаныңқи ма суреттері

	- Оқушыларды сабаққа ендіру: «Өзіңді таны» жаттығуы. Топтар өз топтарының атауларының бүгінгі тақырыппен байланысын анықтайды.	
Сабақтың ортасы	Жаңа сабақ. Сабақ мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады. Мәтінмен жұмыс. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісімен оқушылар оқулықтағы мәтін бойынша жасанды тазартудың бір түрін өз беттерінше оқып дәптерлеріне жазып алады. Алдыменен жұмыс жеке орындалады, сосын жұптасып, білгендерін бөліседі, сосын топта талқылайды. Дескриптор: 1.Әр топ өзіне бөлінген жасанды тазалауға қатысты терминдер мен анықтамаларын айта алады; 2. Жасанды тазалаудың бірінің маңыздылығын, ағзадағы қызметтерін атап оларға түсініктеме береді; 3. Топ ішінде ақпараттармен алмасады. ҚБ.Кері байланыс: «Басбармақ» әдісімен әр оқушының өзін-өзі бағалауы. Оқылған материалды меңгерту мақсатында топта орындалатын тапсырмалар беріледі. 1-тапсырма. Топтық жұмыс. «Суреттер сөйлейді» тәсілімен бөлінген жасанды тазалау әдісінің бірінің қалай жүзеге асатындығын суретпен көрсетеді. Суретте берілген әдіске қатысты барлық үдерістер толық көрсетілу қажет. <i>I-топ:</i> гемофилтрацияныңмаңызын түсіндіріңіз; <i>II-топ:</i> плазмоферез үрдісін түсіндіріңіз; <i>III-топ:</i> гемодиализ, гемосорбцияүдерістерін сипаттаңыз;	А 4 қағаз, кеспе қағаздағы тапсырмалар Кері байланыс парағы кеспе қағаздағы тапсырмалар АКТ Плакаттар Маркерлер Кері
9 – 14 минут		
14 - 15 минут		
15 – 24 минут		
24 – 25 мин		

25 – 35 мин	IV топ: гемодилюция, перитонеалдық диализді түсіндіріңдер. Дескриптор: 1. Организмді жасанды тазалаудың маңызын түсіндіреді; 2. Берілген тазалау үрдісін түсіндіреді; 3. Топтар өз таныстырылымдарын қорғайды. ҚБ. Кері байланыс: Оқушылардың тапсырмадан түсінгенін, ой қозғалысын саралау мақсатында «Екі жұлдыз, бір тілек» кері байланыс арқылы топтар бір-бірін бағалайды. 2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Моделдеу» тәсілімен әр топ диализ механизмінің моделдерін жасайды. Диализге қатысты термин сөздер кеспе қағазға жазылып беріледі, топтар сөздерді модельді құруда міндетті түрде қолдану қажет. Дескриптор: 1. Диализдің әсер ету принциптерін анықтайды; 2. Диализдің құрылымдарын талдай алады; 3. Диализ механизмін түсіндіретін моделдердің жобасын құрастырады. ҚБ: Бағдаршам әдісі арқылы: оқушының өзін бағалауы жүргізіледі.	байланыс парағы Кеспе қағаз, АКТ Плакат Маркерлер Бағдаршам суреті
Сабақтың соңы 36-40 минут	Рефлексия. Кері байланыс: ТАЗАЛЫҚ  Тақырып бойынша ақпаратты жинақтауға қолданылатын материалдар сыйғызылдар.  Сабаншаты керек өзге болса, ортаң дүниелері қарсы ақпаратты сыйғызылдар.  Бүтін ақпараттың қолда ғын оқушылар, толықтыруға керек дәлелдері болса, жетекшілерге сыйғызылдар.	Чемодан, қоқыс жәшігі, еттартқыш суреті, стикерлер

Қосымша ақпарат		
Саралау: Оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау- оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ құндылықтары
Қабілеті жоғары оқушыларға күрделі тапсырмалар беру арқылы сын тұрғысынан ойлау қабілеті мен зейіні, ізденімпаздығы дамытылады. Ұсынылған тапсырмалар оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістері мен іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктірілді. Әр оқушының оқудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін суреттеу, модельдеу тәсілдерін қолданамын. Оларқылы визуалды қабылдауы жүзеге асады, оқушыларға оқу үдерісін тереңірек түсінуге көмектесе отырып, оқуға қызықтырамын.	Жеке, жұптық және топтағы жұмыс барысындағы жұмыс нәтижелері бойынша өз ойларын жеткізуге мүмкіндік беру. Бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың жаңа материалды меңгеру кезінде тапсырманы орындау, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне қаншалықты дұрыс жеткендігі бағаланады. ✓ Ынталандыру, қолдау көрсету; ✓ Топтық талқылау жұмысына оқушылардың өзара бағалауы	Биология кабинетіндегі техника қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары немесе оқу	<i>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</i>	

мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?	
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?	

V00047 18.12.2020

Отанымды сүйемін

КОСЫБАЕВА РАУШАН КУРИШБЕКОВНА

Жамбыл облысы Талас ауданы Ойық ауылы

Бөлтірік Әлменұлы орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: әдебиеттік оқу		Мектеп:	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып:		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Отанымды сүйемін М. Мақатаев Отан туралы		
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	2.2.3.1 - мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау 2.3.2.1*- мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру		
Сабақ мақсаттары	Барлықоқушылар:		
	Мәтінді оқиды, түсінеді, бағалауға қатысады, кестені толтырады.		
	Оқушылардың басым бөлігі:		
	Тақырыпты болжайды,тіркестерді дұрыс таба алады, сұрақтар төңірегінде пікір алмасады.		
	Кейбір оқушылар:		
Бағалау критерийлері	Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.		
	1. Өлең мазмұнын меңгереді; 2. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашады, мәнерлеп оқиды; 3.Негізгі идеясын ұғынып, өлең құрылысын талдайды;		
	Менің Отаным-Қазақстан ; Моя Родина -Казахстан; I am from Kazakstan		
	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздердің айтылуын ,есте сақтау дағдысын қалыптастыру; тірек сөздерді сабақ барысында қайталату.		
	Талқылауға арналған сұрақтар: Не себепті.....деп ойлайсыз		

	1.Туған жер дегеніміз не? 2. Бұл сөзді естігенде есіңе, көз алдыңа тағы қандай сөздер келеді? 3. Біздің мемлекетіміз қалай аталады?	
Алдыңғы оқу	Отанымды сүйемін	
Ишара	Жасыл-түсіндім; қызыл-сыныптасымның көмегімен түсіндім; сары-көмек қажет түсінбедім;	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт есебі	Жоспарланған жаттығу түрлері (төмендегі жазбаларды сіз жоспарлаған жаттығу түрлерімен ауыстырыңыз)	Ресурстар
Басы	Салеметсіңдер ме ? балалар Жақсы отырағойыңдар. Ал енді сендермен сабақ бастамас бұрын көңілімізді көтеріп алайық (3 тілде) Психологиялық ахуал Талпын жақсы болуға Күндей сәуле шашатын Білім іздеп өнерпаз Күнді күндей ашатын Всем всем добрый день Проста роги злая лень Не мешай учится Не мешай трудится Гуд афтэнун гуд афтэнун Гуд афтэнун ту ю Гуд афтэнун гуд афтэнун Айм глэд ту си ю Жарайсыңдар балалар Үй тапсырмасына дайынсыңдар ма? Ал сабақты бастамас бұрын топқа бөлініп алайық Барлығымыз қане орнымыздан тұрып мына суреттерді таңдап алайық. Тақдаған суреттерің бойынша топқа	Сары ,қызыл , жасыл ,   

	отырағойыңдар (Топтардың атын сұрап шығамын) 1.Шуақты күн 2.Қыран құс 3..Асқар тау Қазір балалар сұрақ-жауап әдісі бойынша үй тапсырмасын пысықтап өтейік Кубикты бір балаға беріп сол бала өзіне түскен сұраққа жауап береді 1.Жақан Смақовтың Отан деген өлеңін жатқа айтып бер 2.біз қандай елміз? 3.Қазақстанды тағы қалай атауға болады? 4.Жақан Смақов туралы айтып бер Жарайсыңдар балалар осы қыран құстай білімдеріңмен самғай беріңдер. Аманғайша Дүйсенбаевна 1 тапсырма: ҰЖ «Түсініп оқы» «Отан туралы» Дескриптор: 1.Өлеңді мәнерлеп оқиды; 2. Өлеңнің мағынасын түсінеді; 3.Бір-бірін толықтырып әңгімелейді; 4. Өлеңнің авторы жайлы мәліметтер жинақтайды; 5. Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды; Кері байланыс: «Житондар» ҚБ « Жұлдызшалар»	
--	---	--

 Ортасы	2 тапсырма: ЖЖ «Әңгімеле» Дескриптор: 1. Өлеңнің авторын атайды; 2. Сызбаға сүйеніп автор жайлы мәліметтерді оқиды; 3. Бірін-бірі толықтырады; Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар» Сергіту сәті 3 тапсырма: ҰЖ «Анықта» Дескриптор: 1. Өлеңдерді салыстырады; 2. Өлеңдеге сүйеніп, көркем сөздерді табады; 3. Бір-бірін толықтырып әңгімелейді; 4. Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды; Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар» 4 тапсырма: ТЖ «Салыстыр» 1. Өлеңдерді мәнерлеп оқиды; 2. Кестедегі тапсырма бойынша өлеңді салыстырады; 3. Бір-бірін толықтырады; 4. Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды; Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар» 5 тапсырма: ӨЖ «Түсініп оқы» 1. Өлеңнің соңғы жолдарын оқиды; 2. Өлең жолдарының мазмұныны жайлы әңгімелейді; 3. Бір-бірін толықтырады; 4. Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды; Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар»	іс-қимылмен көрсетеді.
--	--	-------------------------------

Сабақтың соңы	Ой қорыту Ауызша оқушыларға кері байланыс беру. Бүгінгі сабақтан алған әсеріңіз қандай? Сіздерге сабақ несімен ұнады? Бүгінгі сабақтан қандай ой түйдіңіздер? Үй тапсырмасы: Мұқағали Мақатаев «Отан туралы» өлеңін жаттау. Дәптермен жұмыс. Кері байланыс: «Білім ағашы»	Білім ағашы парақшасы стикер
Қосымша мәліметтер		
Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Қабілетті оқушыға қосымша карточкалар беремін. Барлық оқушылар орындай алады: Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Кейбір оқушылар орындай алады:	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Жұптық, топтық, өздік жұмыста жұлдызша, житондар арқылы бағалаймын. Мадақтау, марапаттау арқылы бағалауды жүзеге асырамын.	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) Ауызбіршілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу мақсаттары орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?	Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
---	--

V00048 18.12.2020

Менің ауылым. Менің қалам

МЕКЕНБАЕВА ГУЛЬНАРА АЛПЫСБАЕВНА

Түркістан облысы Төлеби ауданы Тасарық арнайы
негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: дүниетану Сабақтың тақырыбы: Менің ауылым. Менің қалам		Күні : Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны :	
Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	2.1.3.1 Өз зерттеулеріне сүйене отырып, аймағының көрнекі жерлерін сипаттау және бейнелеу		
Сабақ нәтижесі	Барлық оқушылар орындай алады: Оқушылардың барлығы ауыл мен қаланы ажырата алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.		
Бағалау критерийі	1. Ауыл мен қаланы ажырата біледі. 2. Ауыл мен қаланы салыстырады 3. Ауыл мен қалаға арнап шағын эссе және төрт жолды өлең құрастырады		
Ресурстар	Оқулық,суреттер,топтық тапсырмалар,кері байланыс,стикер,интербелсенді тақта,видео		
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап,әңгімелеу,түсіндіру,ойын ,көрнекілік,рефлексия		
Пәнаралық байланыс	Әдебиеттік оқу, жаратылыстану		
Сабақ барысы:			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері:	Сабақта жоспарланған іс-әрекет:		Ресурстар

Басталуы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру: Саламатсыздарма балалар! Көңіл-күйлерің қалай? -тамаша Онда балалар сабағымызға сәттілік тілейміз Сәтті өтсін сабағымыз Ашық болсын қабағымыз Балалар бір-бірімізге күлімдей қарап, сәттілік тілейміз. (сәттілік) Қазір бізде қандай сабақ? -Дүнетану Дүниетану сабағын Зейін қойып оқимыз, Берілген тапсырманың барлығын, Беске орындап береміз. -Рахмет, балалар. Менің бүгінгі сабақта сендерге тілерім ұшқыр ой, ойларыңа - саналы сөз тілеймін. Топтың ережесін еске салайық Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз Ұйымшыл боламыз десек 2-рет қол шапалақтаймыз Белсенділік танытамыз десек 3-рет қол шапалақтаймыз	«Психологиялық ахуал» тренинг
	Үй жұмысын тексеру мақсатында жеке тапсырма беремін. 1.Қазақстан картасынан өз облысыңды белгіле (!). 2.Өз облысыңның орталығын (қаланың атауын) жаз.	Күлегештер арқылы бағалау
	Облыс орталығы -	
	Балалар қазақстанда көрікті,тарихи қалалар өте көп деген едік.Қазақстанның ежелгі қалаларына қай қалалар жатады екен? Түркістан,Тараз,Алматы.Бұл біздің	

	отанымыздың тарихы тереңде жатқанын білдіреді.Еліміздің қалалары бір-бірімен не арқылы байланысады? Теміржол арқылы,әуе жолдары және де автомобиль жолдары арқылы байланысады 	
Жаңа білім 10 минут	1.Білу және түсіну «Ой қозғау» әдісі 1.Қыста жауады Қар Ардақты жан Ана 2.Ақ пен қара ала Киіз үй бөлшегі уық 3.Топыраққа су құйсаң лай Ашу(синонимі) ыза 4.Бал жинайды ара таза (антоним) лас Балалар сонымен біз бүгін «Менің ауылым.Менің қалам.тақырыбымен таныс боламыз.Сабағымыздың мақсаты ауыл мен қаланың айырмашылығын білетін боламыз,ауыл мен қаланы сипаттаймыз жәнеде салыстырамыз. 2.Мағынаны тану Әркімнің туып –өскен ауылы немесе қаласы бар. Біз оны туған жер , атамекен деп атаймыз. -Мен ауылда тұрамын. Ауылым өзен жағасында орналасқан. Жаз айында өзенге шомылып, күнге қыздырынамын. Біздің ауылымызда мал бағады, егін егеді, жеміс-жидек өсіреді. Оның өнімдерін қалаға жеткізеді. - Мен қалада туып өстім. Мұнда әдемі биік үйлер, кең де көрікті көшелер бар. Қалада оқу орындары, театрлар мен	«Ой қозғау» әдісі Ребусты шешу Суреттер жұптық жұмыс диалог түрінде суреттер маркер ақ қағаздар,желім Бағдаршам

Ортасы 10 минут	мұражайлар жұмыс істейді. Сондай-ақ қаламызда киім фабрикасы, автомәшине шығаратын үлкен зауыт бар. Сүтті дүкеннен сатып аламыз. ЖЖ.Өз ауылың немесе қалаңның өмірі жайлы досыңмен әңгімелес. 1)Т.Ж.1-топ:қала тіршілігіне қатысты суреттерді топтастырады. 2-топ:ауыл тіршілігіне қатысты суреттерді топтастырады. 3-топ:қала мен ауылдың айырмашылығын айқында.сәйкестендір Дискриптор: 1.қала мен ауылдың айырмашылығын біледі.суретті сәйкестендіреді. 2.қала және ауылға қатысты суреттерді топтастырады. Бағалау: Әр топты бағдаршам әдісі арқылы бағалаймыз. Балалар Шағын елді мекеннің табиғатын, тарихы мен мәдентетін өлкетану ғылымы зерттейді. Әр ауылдың немесе қаланың өз тарихын әйгілейтін мәдени орындары бар. Олар сол жердің тарихи, мәдени өмірін көрсетеді. Өлкетану мұражайы – бұл сол өлкенің тарихи жәдігерлері мен табиғат байлығын, мәдениеті мен әдебиетін жинақтайтын орын. Оны сен әр қаладан , әр өлкеден кезіктіре аласың. Жақсы балалар біз өткен сабақта аудан орталығындағы мұражайда болған едік.интербелсенді тақтаға қарап,өз ойларымызды айтамыз. 2)ТЖ(Т) «Суреттер стратегиясы» . 1 топқа –ауыл, 2 топқа-қала тіршілігіне қатысты суреттер беріледі. 3 топқа-мұражай суреттері беріледі.	түстері Мұражай туралы мәліметтер «Суреттер стратегиясы»
----------------------------	--	---

4 минут

Әр топ өзіне берілген сурет бойынша әңгімелейді.

- Қандай суреттерді көріп тұрсыңдар?

- Осы суреттер арқылы әр топ өз ойларын айтып көріңдерші?

Дискриптор:

1. Ауыл мен қала айырмашылығын біледі

2. Туған жердің мәдени-тарихи естеліктерін мұражай туралы ақпараттар алады.

Дәптермен жұмыс

ЖЖ. 3- тапсырма Қолдану

Ауыл адамдары қала халқына қандай тағам түрлерін береді ?

Ал қала халқы қандай өнімдер береді ?

Қала-

Ауыл-

Қалыптастырушы бағалау **ҚБ**

№	Белгілері	«Қ»	«А»
1.	Көп қабатты үйлер		
2.	Төрт түлік		
3.	Трактор		
	Зауыттар мен		
4.	фабрикалар		
5.	Бау-бақша		
6.	Зәулім ғимараттар		

Сергіту сәті 3 минут	Балалар біздің туған өлкеміз не деп аталады? Отан Біздің отанымыз-Қазақстан. Олай болса М.Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін біргелікте айтайықшы. Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем, Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған, Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған Жаным менің, Кеудемді жарып шық та, Бозторғайы бол оның шырылдаған! Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.	Оқушылар өлең айтып сергіп қалады
5 минут Кері байланыс Бағалау 3 минут	3)ТЖ 1-топ: Өзің тұратын ауылың туралы айтып бер. 2-топ: Өз ауылың туралы бір шумақ өлең шығар. 3-топ: Өз ауылыңның көркеюіне қандай үлес қосар едің? Дескриптор: Ауыл мен қаланы қалай көркейту керек екенін түсінеді. Кері байланыс жұлдызшалар арқылы бағаланады «Жарнама» әдісі Тапсырма: Көрнекіліктерді пайдалана отырып, қала мен ауылды жарнамалаңдар. Оқушылар ауылдың немесе қаланың екі жақсы көретін және бір ұнатпайтын жағын атайды.	жұлдызша «Жарнама» Әдісі «Екі жұлдыз, бір тілек» Рефлексиялық шеңбер

	«Рефлексиялық шеңбер» Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. ☀ Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? ☀ Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? ☀ Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? ☀ Сабақта қандай қиындықтар туындады? ☀ Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен? Жарайсыңдар, балалар! Алға қойған мақсатқа еңбектеніп жеттіңдер. Ауыл мен қала жайлы зерделеп,біліп көрдіңдер. Үйде тағы қайталап,қосымша білім жинақтап. Келесі жолғы сабаққа үлкен дайындықпен келіңдер!	
Үйге тапсырма: оқу, дәптермен жұмыс. Үйге тапсырма: 38-39 бет мазмұндау		
Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырасыз? Дарынды және талантты оқушыларға «Ойлан,тап» ойыныі арқылы жылдамдыққа сұрақтар қойып жауап аламын және «Ауыл мен қаланы болашақта қалай елестетуге болады?» деген сұрақтар беру арқылы оқушыларды сыни ойлауға,	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Басбармақ, жұлдызша, Смайликтер арқылы бағаланады.	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы Байланыс Денсаулық және қауіпсіздік, техникасының сақталуы Партада дұрыс отыруы. Интербелсенді

өздігінен шешім қабылдай алу дағдысын дамытамын. Үлгерімі төмен оқушыларға жеңіл сұрақ-жауаптар мен терминмен жұмыс берілді.		тақтамен жұмыс жасауда абай болу.
Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Сабақ/оқу мақсаттары шынайы. - Ауыл мен қаланың айырмашылығын біледі. - Өзінің туып өскен жеріне еш нәрсе жетпейтінін түсінеді. - Ауыл мен қалаға арнап төр жолды өлеңдер шығара білді. - Сыныптағы ахуал ауыз біршілікте болды. - Жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды деп ойлаймын. - Берілген уақытты оқушылар тиімді пайдаланып, тапсырмалардың бәрін орындап үлгерді. - Мен өз жоспарыма мынандай түзетулер енгіздім: уақытты тиімді қолдану, сабақта әдіс-тәсілдерді түрлендіруді, тақырып бойынша берілген сұрақтардың маңыздылығына назар аудардым.	
Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Көрсетілім аспектісі 2: Бала өз ойын жеткізуі Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Қызығушылығын арттыру 2: АКТ Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? Үлгерімі төмен оқушыларға топтық тапсырмаларды қорғату керек. Жекелей сұрақтар қойған дұрыс. Олар аз сөйлейді.		

V00049 18.12.2020

ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА

ЖУМАГУЛОВА НАЗЫМ КӨГЕНОВНА

Өскемен қаласы әкімдігінің № 15 "Рахат"

балабақша-бөбекжайының тәрбиешісі

Мақсаты: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білу. Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамыту.



Күтілетін нәтижелері: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білді.

.Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамытты.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көрсету, таныстыру, сұрақ жауап

Белингвальды сыңары: Үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-квадрат, шеңбер-круг

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
ҰОҚ басталуы	Жылулық шеңбер Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде Күлімдейік біз де Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауаны салайық Жүрек жұлуын салайық Енді бәрін қонақтарға сыйлайық	
ҰОҚ негізгі бөлімі	Музыка ойналады топқа үрленген шар ұшып келеді ішінде хат болады. Шарды жарып хатты оқи бастағанда музыка ойналып экраннан аю сөйлейді. Аю: сәлем достар сәлем балалар мен сендерге хат жолдаған себебім менің Маша досым орманда адасып қалды соны таба алмай жүрмін соны табуға көмектесіңдерші. Аю: балалар сендерде орманға барам деп жолдан адасып қалмаңдар сендер алдымен	Слайд Слайд

	орманға бармас бұрын картадан жолды көріп алыңдар Аю: Таулардың аржағында Орманың аржағында Сандықша бар Іші тола ғажайыпқа Сол сандықшада маша досым тығылып отыр соны маған әкеп беріңдер. Аю: орманға бару үшін жол өте алыс орманға паровозбен бару керек. Балаларды паровозға отырғызу үшін қалталы тақтайшадан әр түрлі пішіндерді алғызып сол пішіндер арқылы паровозға отырғызады. Балаларға орманға келгендерін айтып онда көптеген тапсырмалар орындайтындарын айтады. Тақтадағы үш құлыпқа назарларын аудартып құлыптың кілтін ашу арқылы тапсырманы орындайтынын айтады. Сол кезде экраннан төртбұрыш сөйлейді балаларға түсіндіріп құлыптың кілті екенін түсіндіріп бірінші тапсырманың ашылғанын айтады. 1-Тапсырма Топтық жұмыс Триз әдістемесін қолдана отырып пішіндерге ұқсас суреттерді тауып қыстыру. Пішіндер туралы тақпақтар сұрау. Экраннан шеңбер сөйлейді шеңбермен таныстырып екінші құлыптың кілті екенін айтып екінші тапсырманың берілгенін айтады. 2-Тапсырма Жеке жұмыс Тәрелкедегі жемістер мен көкөністерді санау арқылы сандарды тура тауып құрастыру Балаларға 1-10ға дейін санату және орысша ағылшын тілде санату арқылы білімдерін толықтыру. Экраннан үшбұрыш сөйлейді үшбұрыш пішінмен таныстырып үшінші құлыптың кілті екенін айтып үшінші тапсырманың берілгенін	 Слайд   
--	---	---

	айтады. 3-Тапсырма Тәселкедегі түрлі макарондардан бау өткізу арқылы балаларға санатып түстерін тауып, монтессори әдістемесі арқылы қол моторикасын дамыту. Ғажайып сәт: Орманда үлкен қорап тұрады ішінен Маша шығады Маша: сәлем достар мен орманда ойнап жүріп мына үлкен қорапқа қамалып қалдым рахмет сендерге мені құтқарғандарыңа менім ішім қатты пысты меніммен ойын ойнайсындарма Сергіту сәті Музыка ырғағымен қимылды жаттығулар жасату. Ойын «Өз орнынды тап» Ал қане балалар өздерінің тұрған пішіндеріңді қолдарыңа алып сол пішіндер арқылы паровоздарына отырайық тобымызға қайтайық. Пішіндер арқылы паровозға отырады. Балалар біз аюға Маша досын қайтарайық Машаны аюға жібереді	
ҰОҚ қорытындылау	Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Қане балалар біз кімге көмектестік? Машаны қайдан таптық? Біз қандай тапсырмаларды орындадық? Жарайсыңдар балалар! мақтап мадақтау	

МАЗМҰНЫ

- МУШАЛОВА РОЗА ЖИЛКАЙДАРОВНА
- НУРСАПИНОВА ГУЛЬЖАН СИЯЗБЕКОВНА
- ЖУМАНОВА КЫМБАТ ДАУЛЕТХАНОВНА
- СУНКАРБЕКОВА ДИНАРА САГИДОЛЛОВНА
- ТУЛКИНА ГҮЛЬЖАНАТ ЕРТАЕВНА
- ДОСЫБАЙ НАЗИРА КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ
- КАЮПОВА ОРЫНГУЛЬ ЖУМАГАЛИЕВНА
- КАЙРАШЕВА ГУЛЬЖАН ЕСКЕНДИРОНА
- ОМАРОВ БАЛҒАБАЙ САТЫБАЛДИНОВИЧ
- КОСЫБАЕВА РАУШАН КУРИШБЕКОВНА
- МЕКЕНБАЕВА ГУЛЬНАРА АЛПЫСБАЕВНА
- ЖУМАГУЛОВА НАЗЫМ КӨГЕНОВНА